

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

# Уәжділік және атау

Орындаған: Кәлім А.К.

Қабылдаған: Қалиев Б.А

Қарағанды 2017

# Жоспар:

1. Уәждеме және атау теориясы
2. Ғалымдардың ойлары
3. Уәжділіктің типтері
4. Уәжділіктің түрлері

# Мақсаты:

- Сөздердің жасалу жолдарын,сөзжасам арқылы жасалған уәждеме және атау теорияларының түрлерін және олардың өзара байланыстарын саралап көрсету.
- Қазақ тілі сөзжасам жүйесіндегі уәждеме және атау теорияларының заңдылықтары мен типтерін және түбір сөздер мен туынды сөздердің уәжділігін және олардың арасындағы уәждік танымдық қатынасты қарастыру.

-**Уәждеме** қазақ тіл білімінің қалыптасып келе жатқан саласы. Жалпы тіл біліміндегі зерттеу еңбектерінде уәждеме мәселесін ең біріншісі сөз еткен ғалым В. Фон Гумбольд.

-Шығу тегі бойынша «мотивация» - «уәжділік» грек философиясынан бастау алады. Көне замандағы ғалымдар тілдің табиғаты туралы көшелі ойлар айтқан. Кейін үлкен ілім ретінде номиналистік ілім қалыптасқан.

-Уәждеменің негізгі зерттеу нысаны-**атау**. ``Уәж`` қазақ лебізінде дәлел мағынасында жұмалады.

-Тіл білімінде қарастырылатын уәжділік-атау сөз бен сөзді белгіліеп тұратын шындық өмірдегі, табиғаттағы заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс.

-**Атау**-мағына мен дыбыстық жамылғыштың тұтасуы деу жөн. **Атау**-тек белгілі дыбыстардың жиынтығынан құралмайды, сонымен бірге адам жаны мен сезімі арқылы пада болған ойдың тікелей көрінісін таңбалайды.

## Ғалымдардың ойлары:

Орыс тіл білімінде уәж, уәжділік туралы алғашқы ойларды айтқан А.А. Потебная атаудың белгілерін анықтау-сөздің ішікі мағыналық формасын айқындау деген сөз дей отырып, атаудың екі жағын көрсеткен.

Ф.де Соссюр таңбаның уәжділігі туралы құрылымдық тұрығыдан терең зерттеулер жүргізген. Жеке адам белгілі бір тілдік ұжым қабылдаған таңбаға ешқандай өзгеріс енгізе алмайтынын ескере отырып, таңбалаанатын зат не құбылыс пен оны таңбалаушы тұлғаның арасында уәж жоқ деп есептеген.

Мурзин А.Н. Тұжырымы бойынша, уәжділік – тек сөз тудыра алатын, басқа сөздермен жасалған атаулардың белгісіне, қасиетіне, іс-әрекетіне және басқа құбылыстарға қатысына байланысты анықталады

Белгілі ғалым К. Аханов “уәж” ұғымын “дәлел” деп көрсеткен.

Автордың көрсетуінше, “зат немесе құбылыс тілде сөзбен айтылғанда өз бойында бар я өзіне қатысты айырқша белгісі бойынша аталады.

Ол белгі күңгірттеніп кетеді де, әлгі сөздің этимологиясы мен шығу тегі арнайы зерттеу нәтижесінде ғана айқындалады

Профессор Э. Д.

Сүлейменованың жетекшілігімен шыққан “Тіл білімі” атты сөздікте:

“Мотивация, уәждену тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу әктісі”-деп көрсеткен

Н.Уәлиев өзінің (Фразеология және әдеби норма” деп аталатын еңбегінде мотив терминін уәж деп атайды да фразеологиялық бірліктердің уәждік сипатын ашады. Кейінгі зерттеушілердің дені осы терминді қолдайды.

Уәждеме  
кешеніне  
мыналар  
енеді



-Әлемдік  
ақиқат  
болмыстың  
онтологиялық  
қасиеттерін  
атайтын  
атаулар  
уәжділігі.



-Сөздің ішкі  
формасы  
туралы  
және  
атаудың  
уәжділігін  
семантика  
лық бағытта  
зерделеу.



-Уәжділікті  
сөйлеу  
барысындағы  
қызметіне  
қарай  
зерделеу яки  
коммуникат  
ивтік-  
функционал  
дық бағытта  
қарастыру.

# Уәжділіктің типтері

```
graph TD; A[Уәжділіктің типтері] --- B[Дыбыстық уәж]; A --- C[Морфологиялық уәж]; A --- D[Семантикалық уәж];
```

Дыбыстық  
уәж

Морфолог  
иялық уәж

Семантик  
алық уәж



## Дыбыстық уәжділік

-Таңбаның дыбысталуы мен айналамыздағы әртүрлі дыбыс дыбысталуының ұқсастығына негізделген атаудың мәні. Мәселен, құс- тың «дүрс-дүрс». Дыбыстық уәжділік еліктеуіш сөздер мен еліктеуіш сөздер арқылы жасалған атауларға тән.

## Морфологиялық уәжділік

-Атаудың мағынасы мен ішкі мазмұны тілде бұрыннан қалыптасып, қабылданған тұлғалардың мағынасы негізінде уәжделеді. М.у- атаудың лексикалық мағынасының оны құрайтын морфемалардың мағыналарында толық немесе жартылай көрінуі. Мыс: **бидай-бидайық, бидайдас; кітап-кітапхана, кітапханашы, кітапқұмар** т.б

## Семантикалық уәжділік

-Бір атаудың екінші бір зат атауымен салыстырғандағы шарттылық байланысы арқылы түсіндіріледі. С.у типі мынадай заңдар арқылы жүзеге асады: 1. қарама-қарсылық заңы: **кел-кет, жақ-жау, бас-башай** т.б 2. ат ауысу заңы- ұқсастығы, жақындығына байланысты: **ен-ін, үңгі-үңгір, жабы-жаман, ұйы-ұйым, ұйыс, ұйық** т.б

# Уәжділіктің түрлері

Атау  
мағынасындағы  
сипатына қарай

Тура

Ауыспа  
лы

Болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше бір белгісінің атау мағынасында нақтылы көрініс табуы.

Болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше белгісінің абстрактілі ойлаудың нәтижесінде сәулеленіп, ұқсастық негізінде атау мағынасында көрініс табуы.

## Сөздердің уәждеу деңгейіне қарай

### Толық уәжділік

-Атауды уәждеуші негіздің мағыналары өз жұбын бұзбай, толықтай сақтап тұрады. Т.у туынды сөздерге қатысты болып, оны туғызушы тұлғалардың уәжі негізінде құралады. Мыс: топырақ құнарлылығы, мал тұқымы т.б

### Жартылай уәжділік

-Ішкі форма мен лексикалық мағына арасында ортақтықтың, жалпы қасиет пен белгінің болуы немесе заттың денотаттық қасиетінің таңбада жартылай ашылуы. Мыс: «ата тілі» дегенде «ата» сөзі өзінің толық мағынасы арқылы айқындалып тұрған жоқ. Тілдің атасы емес, жалпы ең көне, ескі деген ерекше мағынасы арқылы жаңа атау жасауға негіз болып тұр.

## Уәжділіктің жүйелі- жүйесіздігіне қарай

Жүйелі

Жүйесіз

-Табиғаты уәжділіктің ішкі болмысынан келіп шығады: кез келген атауды уәжді деп есептейтін болсақ,оның жүйесін анықтауға болар еді. Айталық, бауырлас,бауырласу, бауырластық,бауырластар зираты сияқты сөздердегі ортақ мағыналардың болуы олардың жүйелілігін анықтайды.

-Атаудың қабылданған таңбасы арқылы көрініс табатын ішкі мағыналық құрылымы мен заттық болмыс арасындағы ішкі мазмұндық,мәндік байланыстың болмауы немесе сақталмауы.Бұларға өзге тілден енген шетелдік сөздерді жатқызымыз.

Уәжділіктің анық-  
анық еместігіне  
қарай

Абсолюттік  
уәжділік

Абсолюттік  
емес  
уәжділік

Атау өзінің негізгі  
мағынасын толық  
сақтап, туынды  
мағынаны тура  
мағынасы  
арқылы  
айқындайды

Атауды туғызушы  
тұлғалар өзінің негізгі  
мағынасын толық  
сақтамайды,  
жаңадан жасалған  
екіншілік мағына  
ауыспалы мағынаның  
негізінде пайда  
болады

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.А.Б.Салқынбай «Қазақ сөзі:уәжділігі мен тектілігі»

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАҚМЕТ!!**